


Атырау қалалық білім бөлімінің 24.12.2019 жылғы Қалалық жалпы білім беру ұйымдарында «Қамқоршылық Кеңесін» құру туралы №409 бұйрығын басшылыққа ала отырып, «Ә.Жангелдин атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанынан құрылған 2024-2025 оқу жылындағы қамқоршылық кеңесінің өзгертілген құрамы төмендегідей:

| Р/с | Қамқоршылық Кеңесі мүшелерінің аты-жөні | Атқаратын қызметі | Сыныбы | Жұмыс орны                     |
|-----|---|-------------------|--------|--------------------------------|
| 1   | Арыстанова Салтанат                     | Кеңес төрайымы    | 7 «а»  | Бала күтімінде                 |
| 2   | Адилова Құралай                         | Орынбасары        | 8 «а»  | Жеке кәсіпкер                  |
| 3   | Байменова Қатима                        | Мүше              | 8 «а»  | Зейнеткер                      |
| 4   | Уразалина Индира                        | Мүше              | 8 «в»  | № 10 «Құлыншақ» балабақшасы    |
| 5   | Бисенова Лунара                         | Мүше              | 9 «б»  | №2 Кітапхана кітапханашысы     |
| 6   | Аубекерова Жаухар                       | Мүше              |        | Полиция майоры                 |
| 7   | Қалдыбаева Қалығыз                      | Мүше              | 9 «а»  | «Нартайлақ» балабақшасы, аспаз |
| 8   | Арықбаева Айгерім                       | Мүше              | 11 «ә» | Бала күтімінде                 |
| 9   | Заузабаева Рита                         | Мүше              | 11 «ә» | Бала күтімінде                 |

| Р/с | Қамқоршылық кеңестің хатшысы | Атқаратын қызметі | Жұмыс орны, лауазымы                             |
|-----|------------------------------|-------------------|--|
| 1   | Жамбырова Арайлым            | хатшы             | Ә.Жангелдин орта мектебі, тарих пәнінің мұғалімі |

«Бекітемін»

КК төрайымы

 С. Арыстанова

2024 – 2025 оқу жылына арналған «Қалалық білім бөліміне қарасты жалпы білім беретін  
Ә. Жангелдин атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қамқоршылық  
кеңесі отырысының жоспары

| Р/с | Отырыстардың тақырыптары  | Өткізу мерзімі           | Жауапты  |
|-----|---|--------------------------|--|
| 1   | <b>Кеңес отырысы №1</b><br><b>Қаралатын мәселелер</b><br>1. Ата-аналар мен оқушылар үшін «Мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережесін» таныстыру<br>2. «Дұрыс тамақтану – денсаулық негізі» мектеп оқушыларының тамақтануын қадағалау   | 18қыркүйек<br>2024 жыл   | Кеңес төрайымы   |
| 2   | <b>Кеңес отырысы №2</b><br><b>Қаралатын мәселелер</b><br>1. Қамқоршылар кеңесінің құқықтық-нормативтік базасы. Қамқоршылар кеңесі туралы ережемен мектеп жарғысымен танысу.<br>2. Мектептегі санитарлық талаптың сақталуы, сенбіліктердің ұйымдастырылуы, ішкі-сыртқы абаттандыру жағдайы.  | 20 желтоқсан<br>2024 жыл | Кеңес төрайымы   |
| 3   | <b>Кеңес отырысы №3</b><br><b>Қаралатын мәселелер</b><br>1. Балалар үйіне сапар «Бар мейіріміміз балаларға» мектеп парламенті мүшелерімен «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар ұйымымен бір күндік көңілді күн режимін ұйымдастыру<br>2. Көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын беру. Ата-аналар арасынан демеушілер тарту және көмекті дұрыс бөлу жұмыстарын ұйымдастыру. | 19 ақпан<br>2025 жыл     | Кеңес төрайымы<br>Мектеп Парламенті мүшелері<br>Әлеуметтік педагог<br>Психолог<br>Тәлімгер |
| 4   | <b>Кеңес отырысы №4</b><br><b>Қаралатын мәселелер</b><br>1. Материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау<br>2. Ағымдағы мәселелер   | 15 мамыр<br>2025жыл      | Кеңес төрайымы   |

## Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы

### Хаттама №1

**Қатысқандар:** «Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері және мектеп әкімшілігі

**Күн тәртібінде:**

1. Мектеп асханасының жай – күйі, тамақтың сапасы, оқушылардың қамтылуы;
2. Мектеп формасы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14- қаңтардағы №26 бұйрығымен танысу;

**Тыңдалды:**

**Султанова Алтын – мектеп директоры**

2024-2025 оқу жылына «Қамқоршылық» кеңесінің алғашқы отырысына сәттілік тіледі.

1- ші мәселе бойынша мектеп асханасының жай- күйін қатаң бақылауда ұстауды, оқушылардың талапқа сай тамақтануын, ас мәзірінің тиісті мөлшері бойынша дайындалуын, ең бастысы тазалықты қатаң сақтаудың талап етілетінін айтты. Сөреде сатылатын тағамдар ассортиментінің әр түрлі болу керектігі және мөлшері талапқа сай болуын қадағалауды сұрады. Оқу жылы басында жауапты тұлғалар белгіленіп бұйрық негізінде комиссия құрамы құрылып асхана жұмысына мониторинг жүргізіліп акт жасакталды. 1-4 сынып оқушылары 3 кезеңге бөлініп кестеде белгіленген уақыт бойынша сынып жетекшінің қадағалауымен бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылып отыр. Тамақ сапасы тиісті мәзір бойынша дайындалып күнделікті қадағаланып отырады, оған жауапты мектептің әлеуметтік педагогы З.Калиева. Күнделікті ас мәзірі бекітіліп ілініп отыр, сонымен қатар №64 қаулы бойынша мектепшілік тізімде тұрған 5-11 сынып оқушылары арасынан ата-анасының өтініші бойынша әр түрлі санаттағы 26 оқушы бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылып отыр.

2- ші мәселе бойынша мектеп формасының талапқа сай болуы тікелей мектеп әкімшілігінің және сынып жетекшінің, ата- ананың жауапкершілігінде екендігін, оқушы мектепке талапқа сай киініп келуін өз міндеті ретінде қабылдауын қадағалауымыз керек, бүгінгі күні мектеп бойынша талапқа сай емес формамен мектепке келіп отырған оқушы жоқ. Сынып жетекшілер үнемі түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, қатаң бақылауда ұстауы талап етіледі.

**Арыстанова Салтанат- кеңес төрайымы**

Мектеп ұжымын жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, шығармашылық табыс тіледі. Одан әрі жаңа оқу жылындағы қамқоршылық кеңесінің қыркүйек айындағы бірінші отырысы екенін, жалпы жиналу мақсаты ата-аналардың ұсынысы арқылы жыл басында мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтылуын, жалпы асхананың жай- күйін бақылап, ас мәзірімен танысып өз ұсыныстарын айтып шығу мақсатында екенін айтып өтті. Асхананың жаңа құрамымен танысып, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі. Бір мезгіл берілетін ыстық тамақтың белгіленген мәзірден ауытқымауын, сапалы дайындалу керектігін ерекшелен айтты. Асхана қызметкерлеріне көкейде жүрген бір неше сұрақтардың жауабын алдық.

Мектеп формасына қатысты барлық шешімді қолдайтынын айтып, әр мектеп оқушысы талапқа сай киініп негізгі міндеті білім алу керектігін баяндады.

**Бисенова Лунара- кеңес мүшесі**

«Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері болып мектеп асханасының жай- күйін, оқушылар тамақтанатын орындарды, тамақ даярланатын және тамақ сақталатын қойманы, таңазытқыштарды, ондағы азық- түліктің сақталуын қарап, бақылап шықтық. Дәл бүгінгі күнгі асханада беріліп жатқан мәзірге сәйкес тағамның сапасын қарадық, және тағамның сынамасы тоңазытқышта дұрыс ережеге сай сақталғанын көрдік. Асхана қызметкерлері ыңғайлы киіммен өз жұмыстарын жасап жатқанын байқадық, барлық ережелер сақталған дайын бәліштердің беті таза сүлгімен жабылған, ыдыстар таз. Асхана іші ашық жарық, әр адамға жақсы әсерін тигізді. Жалпы тазалық жақсы. ыдыс- аяқтардың сынығы жоқ уақытылы жаңартылып отырғанын айтты. Балалар отырып тамақтанатын үстел үсті, отырғыштары таза.

**Утешова Қарылғаш – директордың бастауыш сыныптары бойынша орынбасары, бастауыш сынып білім алушыларының ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы комиссияның орынбасары**

Оқу жылы басталғаннан бастап асханамен етене бірігіп жұмыс жасап, 1-4 сынып оқушыларының дұрыс тамақтануы үшін жұмыстанып келеміз. Асхана тарапынан бүгінгі күнге дейін кері пікір болмаған. Барлығы талапқа сай өз уақытымен арнай құралған кесте бойынша тамақтанып келеді. 1-4 сынып оқушылар саны 361 оқушы, оның ішінде 4 оқушы үйден оқиды, қалған 357 оқушы күнделікті тамақтанып отыр. Арнайы сынып жетекшілер мен әкімшілік тарапынан да кезекшілік кестесі жасақталды, сол бойынша үнемі қадағалауда.

**Замзам Қалиева- әлеуметтік педагог**

Жаңа оқу жылын 2- ші қыркүйектен бастадық. Сол күннен бастап 1-4 сынып оқушылары тамақтанып бастады. Білім алушылардың тамақтану сапасын мониторинг жүргізу үшін комиссия құрамы және бракераж комиссиясы құрылды. Осы комиссия құрамы 3.09.24 күні жалпы асхана бойынша акт жасақтады. Асхана өз жұмыстарының барысында бақылауға алуға қажет бірқатар талаптар мен жұмыстарды ескеру керектігі, мектеп асханасының ас әзірлеу блогының тазалығы, ас дайындайтын ыдыстары, тамақтың сапасы, тоңазытқыштың тазалығы, шикі өнімдерді сақтайтын қойма, асхана қызметкерлерінің қолын жуу үшін қолды жууға және кептіруге арналған құралдармен қамтамасыз етілуі, ыстық және суық суы бар раковиналардың жұмыс жасауы, кесу құралдарына қойылатын талаптар, асхана ыдыстарына қойылатын талаптар, мәзірге қойылатын талаптар, тәуліктік сынамаларға қойылатын талаптар, өнімдерін қабылдауға қойылатын талаптар, қойма үй-жайларына қойылатын талаптар, асхана жиһазына қойылатын талаптар, перспективалық мәзірге қойылатын талаптар ескертіліп тексерілді.

Асхана құрамы:

Бас аспазшы- Қайсағалиева Тлекши

Наубайшы- Амирханова Раушан

Есепші (кассир) – Кадирова Улболсын

Ыдыс жуушы- Қазбекқызы Сара

Диетолог маман- Н.Мусаева

**Турланова Саулеш - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, бракераж комиссиясының төрайым орынбасары**

Жоғарыда айтылған екі мәселе бойынша өз ойын білдірді. Асхана жұмысы үнемі әкімшілік бақылауында, қадағаланатынын айтты.

Тағы бір өзекті мәселе мектеп формасының сақталуы. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы С.Арыстанова айтып кеткендей Қазақстанда мектеп формасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығына сәйкес аталған талаптар білім берудің зайырлы санатын іске асыруға және орта білім беру ұйымдары білім алушыларының арасында әлеуметтік, мүліктік және басқа да өзгешеліктердің белгілерін жоюға бағытталған. Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады. Мектеп формасының түсі қара немесе қою қара көк түстерден таңдалады. Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіліп, күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді. «Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды. Ата- аналар және өзге заңды өкілдер білім алушылардың орта білім беру ұйымында белгіленген мектеп формасын киюіне жауап береді» - делінген.

Қыз балаларға арналған мектеп формасы пиджак, жилет, белдемше, классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күртеше, кардиган, қысқы мезгілде трикотажды жилет, сарафан водалазка.

Ұлдардың мектеп формасы пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде (қысқы мезгілде трикотаж жилет, водалазка)

Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жоғардағы екі мәселе бойынша, мектеп әкімшілігімен бірігіп төмендегідей қорытынды жасап қаулы етті:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелері асхана жұмысының талапқа сай болуын, ас мәзірінің күнделікті тиісті мәзірге сай дайындалуын қадағалауды;
2. Қамқоршылық кеңестің жұмысын одан әрі жандандыру, жоспар бойынша уақытылы өзекті мәселелерді талқылауды;
3. Асхана жұмысының жай – күйін, оқушылардың мектеп формасын оқу жылы аяғына дейін бақылауда ұстау.

Мектеп директоры:

Қамқоршылық кеңес төрайымы:






Кеңес мүшесі:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Бастауыш сыныптар бойынша ОІМ:

Әлеуметтік педагог:

Кеңес хатшысы:

 А.Султанова  
 С.Арыстанова  
 Л.Бисенова  
 С.Турланова  
 Қ.Утешова  
 З.Калнева  
 А.Жамбырова

